
Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары $2,3 \text{ ШЖШ}_{\text{от}}$ құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары $1,1 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$ құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамдыәулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланады, СИ=1,1(төмен) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі) күкіртсутегі бойынша анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлар 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,1 күкіртсутегі бойынша және ЕЖҚ=0% анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары 1,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкіртсутегі, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0,95 күкіртсутегі бойынша және ЕЖҚ=0% анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлары 3,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су объектісінде жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Асса өзендері бассейнінің ағысы Қырғыз Республикасының аумағында толығымен қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Токташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- Жасөрген а. 0,7 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,9 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. ОХТ және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

-Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 88,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,3 мг/дм³.Оттегінің химиялық тұтынуы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен тұстамасы: нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 71,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- п.Темірбек 0,5 км төменде тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,5 мг/дм³.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 13,6-20,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,20, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,08-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ 1,53-1,97 мг/дм³, түсі – 5-10 градус, мөлдірлігі 15-18 см, иісі – 0 балл.

Талас өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,4 мг/дм³.

Асса өзені:

- Маймақ т/ж станциясы тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – 29,2 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Аса а. 500м. Төмен тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,1 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Асса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 14,0-15,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-8,10, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,51-9,42 мг/дм³, ОБТ₅ 1,46- 1,52 мг/дм³, түсі 10 градус, мөлдірлігі 17-18 см, иісі – 0 баллды құрады.

Асса өзенінің су сапасы 4 класқа жатады: Магний– 30,2 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Берікқара өзені су температурасы 12,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,00, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,57 мг/дм³, ОБТ₅ 1,82 мг/дм³, түсі 10 градус, мөлдірлігі 18 см, иісі – 0 баллды құрады.

- Берікқара өзені, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а. тұстамасы: су сапасы 2 класқа жатады: мұнай өнімдері – 0,07 мг/дм³. Мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Билікөл көлінің су температурасы $19,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің концентрациясы $7,09 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $14,1 \text{ мг/дм}^3$, ОХТ – $46,1 \text{ мг/дм}^3$, қалқыма заттар – $65,0 \text{ мг/дм}^3$.

Шу өзенінің су температурасы $15,2 - 18,4^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші $7,65-7,75$, суда еріген оттегінің концентрациясы $9,39 - 9,57 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $5,90 \text{ мг/дм}^3$.

- Қайнар а. (Благовещенское а.) тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $199,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Ақсу өзенінің су температурасы $15,6^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің концентрациясы - $9,57 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $4,04 \text{ мг/дм}^3$, түсі 15 градус, мөлдірлігі 1 см, иісі – 0 балл.

- Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $261,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы $16,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,00, суда еріген оттегінің концентрациясы $8,36 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $3,92 \text{ мг/дм}^3$, түсі 15 градус, мөлдірлігі 1 см, иісі – 0 баллды құрады.

- Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а. тұстамасы: өзен сағасынан 29 км су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $287,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы $18,0^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің концентрациясы $8,70 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,52 \text{ мг/дм}^3$, түсі 10 градус, мөлдірлігі 4 см, иісі – 0 балл.

- Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $198,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы $18,6^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,15, суда еріген оттегінің концентрациясы $8,99 \text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,86 \text{ мг/дм}^3$, түсі 10 градус, мөлдірлігі 3 см, иісі – 0 балл.

- Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – $204,0 \text{ мг/дм}^3$. Қалқыма заттардың және нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2020 жылдың мамыр айында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 2 класс – Берікқара өзені, 4 класс – Талас және Асса өзендері; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ және Сарықау өзендері (4 кесте).

2019 жылдың мамыр айымен салыстырғанда Талас, Асса және Берікқара өзендері – жақсарған; Шу және Тоқташ өзендері – нашарлаған; Ақсу, Қарабалта және Сарықау өзендері – айтарлықтай өзгермеген.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., және шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,3-2,3 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жер беткі)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жер беткі)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=4,1 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №3 бекет аумағында және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары 1,7 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғырлары 2,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.



7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербеті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон(жербеті)



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Азот диоксидінің максималды бір реттік шоғырлары 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртті сутегі – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.), кентте атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 5 су объектісінде Жайық, Шаған, Деркөл, Елек өзендерінде, Көшім су арнасында жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Январцево ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/дм³, аммоний-ионы -1,6 мг/дм³. Қалқыма заттар мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Орал қаласынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24 мг/дм³, аммоний-ионы - 1,6 мг/дм³. Қалқыма заттар мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24 мг/дм³, аммоний-ионы -1,3 мг/дм³. Қалқыма заттар мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Көшім ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,5 мг/дм³. Аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 5,0-5,6°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,15-7,32 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,79 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,26 мг/дм³ құрады, түсі 15-25 градусқа дейін; мөлдірлігі -5-15 см, иісі - 0 балл барлық тұстамада.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады- қалқыма заттар – 22,75 мг/дм³, аммоний-ионы -1,6 мг/дм³.

Шаған өзені:

- Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/дм³, аммоний-ионы -1,4 мг/дм³. Қалқыма заттар мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 5,5°C, сутек көрсеткіші 7,10-7,11 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,42-13,06 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,26-3,27 мг/дм³, түсі 15-16 градус, мөлдірлігі -14-15 см, иісі - 0 балл барлық тұстамада.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/дм³, аммоний-ионы -1,07 мг/дм³.

Деркөл өзені:

- Селекционный ауылы тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅– 3,17 мг/дм³, аммоний-ионы - 0,6 мг/дм³, магний – 21,6 мг/дм³. ОБТ₅ мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады, магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 5,5°C, сутегі көрсеткіші 7,12, суда еріген оттегінің концентрациясы 14,59 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,17 мг/дм³, түсі 20 градус, мөлдірлігі -10 см, иісі - 0 балл.

Елек өзені:

- Шілік ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ионы -1,14 мг/л. Аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 5,0°C, сутегі көрсеткіші 6,74, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,79 мг/дм³, ОБТ₅ - 3,26 мг/дм³, түсі 23 градус, мөлдірлігі -7 см, иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы:

- Көшім ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22 мг/л, аммоний-ионы - 1,6 мг/дм³. Қалқыма заттар мен аммоний-ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 5,2°C, сутегі көрсеткіші 7,15 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,79 мг/дм³, ОБТ₅ 3,26 мг/дм³, түсі 15 градус, мөлдірлігі -15 см, иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы мамырдағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 3класс – Деркөл өзені; 4 класс- Жайық, Шаған, Елек өзендері мен Көшім су арнасы(4 кесте).

2019 жылғы мамыр айымен салыстырғанда Деркөл өзенінде су сапасы – нашарлаған; Жайық, Шаған өзендерінде – жақсарған; Елек өзенінде және Көшім су арнасында судың сапасы айтарлықтай өзгермеген.

7.5 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық өзені бассейні суының түптік шөгінділерінің жай-күйі

Жайық, Елек өзендері бассейнінің 2 бақылау нүктесі бойынша түптік шөгінділер сынамасы алынды (7.5 кесте).

Түптік шөгінділер сынамасында ауыр металдар (қорғасын, кадмий, марганец, мыс, мырыш, никель, хром) мен органикалық заттардан (мұнай өнімдері) талдау жасалды.

Жайық өзені Январцево ауылы бассейніндегі түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері: мыс 0,32 мг/кг, хром 0,0мг/кг, мырыш 0,72 мг/кг, никель 0,26 мг/кг,кадмий-0,1мг/кг,қорғасын-0,1мг/кг, марганец 0,02 мг/кг. Мұнай өнімдерінің мөлшері 0,77 % болды (кесте 7.5).

Елек өзені Шілік ауылы бассейніндегі түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі аралықта өзгерген: мыс 0,36 мг/кг, хром 0,02мг/кг, мырыш 0,82 мг/кг, никель 0,37мг/кг,кадмий-0,1мг/кг,қорғасын-0,1мг/кг, марганец 0,05 мг/кг. Мұнай өнімдерінің мөлшері 1,2 % болды (кесте 7.5).

7.5- кесте

Батыс Қазақстан облысы Жайық өзені бассейнінің суының түптік шөгінділерінің зерттеу нәтижелері

№ п/п	Сынама алу орны	Шоғыр, мг/кг							
		Мұнай өнімдері, %	Мыс	Хром	Кадмий	Никель	Марганец	Қорғасын	Мырыш
1	Жайық өз. Январцево а.	0,77	0,32	0,0	0,1	0,26	0,02	0,1	0,72
2	Елек өз, Шілік а.	1,2	0,36	0,02	0,1	0,37	0,05	0,1	0,82

7.6 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,07 – 0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,4 – 2,0 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі


8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,күкіртті сутегі,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $СИ=6$ (жоғары деңгей) және $ЕЖҚ=13\%$ (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары $1,4 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$ құрады, фенол – $1,7 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, формальдегид – $1,5 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғырлары $2,0 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$ құрады, PM-10 қалқыма бөлшектері – $1,4 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$, көміртегі оксиді – $2,5 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$, озон (жер беткі) – $1,1 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.2 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
-------	--------	---------	------------------	----------------------

нөмірі	мерзімі	жүргізу		
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртесутегі, озон (жербеті)



8.2-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $СИ=1$ (төмен деңгей) күкіртті сутегі бойынша және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары 2,8 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғырлары 2,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.3 Балқаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластану жағдайы

Атмосфералық ауаны бақылау 4 стационарлық бақылау орындарынан жүргізіледі (8.3-сурет, 8.3-кесте).

Кесте -8.3

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бақ-у орн-ң реті	Жинап алу мерзімі	Бақылау жұмыстарың өткізу	Мекен-жайы	Анықталатын қосындылар
1	Тәулігін -де 3 рет	Қолмен жинап алу (дискретті әдістер)	«Сабитова» шағымауданы (№ 16 орта мектебініңмаңайында)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді,азот диоксиді.
3			Ленина-2 көшесі, Алимжановакөшесінің бұрышында	ПНЗ №1,3-те(әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән,қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфулина көшесі(больничный городок,СЭСмаңайында)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді,азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	Әр 20 минут сайын	үздіксіз	Ленина көшесі, №10 үйден төменірек	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқымабөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі, аммиак, озон (жербеті).



8.3-сурет. Балқаш қаласындағы атмосфералық ауа ластануың анықтайтын стационарлық бақылау жүйесінің сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3.-сурет), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ=14,3 (өте жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында анықталды.

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2020 жылғы 9 мамырда №2 автоматты бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртті сутегінің 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) (14,3 ШЖШ_{м.б.}) тіркелген (2-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, озон (жер беткі) – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беткі) – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 14,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


8.4 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй,	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Желтоқсан көшесі (Жастаркөшесі), 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М. Жәлел көшесі, 4в	азот диоксиді, азот оксиді, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), күкіртті сутек аммиак



8.4-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $EЖҚ=34\%$ (жоғары деңгей) қалқыма бөлшектері бойынша №3 бекет аумағында және $СИ=2,7$ (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №1 бекет аумағында анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғырлары $1,4 ШЖШ_{0,т}$ құрады, фенол – $2,3 ШЖШ_{0,т}$, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары $1,4 ШЖШ_{м.б}$ құрады, күкірт диоксиді – $1,6 ШЖШ_{м.б}$, күкіртті сутегі – $2,7 ШЖШ_{м.б}$, фенол – $1,5 ШЖШ_{м.б}$, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.5-кесте).

8.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-жайы	Анықталатын
-------	--------	---------	------------------	-------------

нөмірі	мерзімі	жүргізу		қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	<i>Дмитров көшесі, 213</i>	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, сынап
4			6- <i>шағынаудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)</i>	
5			3 «а» <i>шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)</i>	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	<i>Фурманов көшесі, 5</i>	қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=8,5 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі

бойынша №2 бекет аумағында және ЕЖҚ=35% (жоғары деңгей) фенол бойынша №5 бекет аумағында анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, күкірт диоксиді – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,6 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 4,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 8,5 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су объектісінде жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Сарысу, Қара Кеңгір өзендері,; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балқаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындады саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Нұра өзені:

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний - 43,65 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,35 мг/дм³, фенолдар- 0,003 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,55 мг/дм³, фенолдар- 0,003 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,3 мг/дм³, фенолдар- 0,003 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,1095 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Жана Талап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,5 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама «Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,1095 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,004 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Ақмешіт а., ауылдың шегінде». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,45 мг/дм³, фенолдар- 0,0025 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Нұра к., ауылдан 2,0 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,3 мг/дм³, қалқыма заттар -31,3 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. Магнийдің, қалқыма заттардың мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,7 мг/дм³, ОХТ -32,65 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. Магнийдің, ОХТ мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Кенбидай су құбыры ,6км Сабынды а. оңтүстік бойынша». Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ -31,3 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. ОХТ мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ-32,9 мг/дм³, фенолдар- 0,002 мг/дм³. ОХТ мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 13,0-21,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,74-8,29, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,09-13,58 мг/дм³, ОБТ₅–1,57-4,88 мг/дм³, түстілігі - 15,0-136 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний - 31,4 мг/дм³, фенолдар – 0,0026 мг/дм³.

Самаркан су қоймасы

-тұстама: «Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0025 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама: «Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,003 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Самаркан су қоймасы - бойынша су температурасы 17,1-18,3°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,08-8,06, судағы еріген оттегі концентрациясы –

8,54-13,75 мг/дм³, ОБТ₅—2,85-3,35 мг/дм³, түстілігі - 27,0-44,4 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,003 мг/дм³.

Кеңгір су қоймасы - бойынша су температурасы 16,6°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,30, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,6 мг/дм³, ОБТ₅—0,50 мг/дм³, түстілігі – 22 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Кеңгір су қоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15». Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 30,2 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзені:

-тұстама: «Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары». Су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар – 21,0 мг/дм³. Қалқымалы заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний-ион – 22,6 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 15,5 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 17,2-18,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,59-8,06, судағы еріген оттегі концентрациясы 1,56-7,99 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,81-5,8 мг/дм³, түстілігі – 16-47 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 12,8 мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 124 мг/дм³, хлоридтер – 411 мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 140 мг/дм³, хлоридтер – 390 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. дюкерден төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 197 мг/дм³, магний – 166 мг/дм³, хлоридтер – 397 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 19,2-20,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,13-8,35, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,81-7,61 мг/дм³, ОБТ₅—0,50-0,88 мг/дм³, түстілігі – 65-184 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 181 мг/дм³, магний – 143,3 мг/дм³, хлоридтер – 399,3 мг/дм³.

Соқыр өзені - су температурасы 18-21 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,25-8,44 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,74-12,17 мг/дм³, ОБТ₅—2,55-3,00 мг/дм³, түстілігі – 50-55,9 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 4,56 мг/дм³, ОХТ – 46,8 мг/дм³,

хлоридтер – 457 мг/дм³, марганец-0,154 мг/дм³. Аммоний ионның, марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОХТ және хлоридтердің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шерубайнұра өзені бойынша су температурасы 16,8-20,5°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,13-8,27, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,24-12,52 мг/дм³, ОБТ₅ –2,55-2,65 мг/дм³, түстілігі – 45,1-72,1градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 5,04 мг/дм³, марганец – 0,170 мг/дм³, ОХТ – 37,8 мг/дм³, хлоридтер – 505,5 мг/дм³. Аммоний ионның, марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОХТ және хлоридтердің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Көкпекті өзені су температурасы 14,1-17,5°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,20-8,44 , судағы еріген оттегі концентрациясы 11,1-11,99 мг/дм³, ОБТ₅ –3,35-3,37 мг/дм³, түстілігі – 24,4-32,3 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама: «Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстамада» су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,65 мг/дм³, фенолдар – 0,0025 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Шолақ көлінің су температурасы 17,8-19,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,93-8,34 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,64-9,08 мг/дм³, ОБТ₅ –2,02-3,0 мг/дм³, ОХТ – 25-30,2 мг/дм³, қалқыма заттар – 19,2-25,0 мг/дм³, құрғақ қалдық – 833-968 мг/дм³, түстілігі – 21,1-41,8 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Есей көлінің су температурасы 20,8-21,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,0-8,38 , судағы еріген оттегі концентрациясы 7,24-7,76 мг/дм³, ОБТ₅ –1,34-2,13 мг/дм³, ОХТ – 26,4-27,1 мг/дм³, қалқыма заттар – 15,0-70,1 мг/дм³, құрғақ қалдық – 991-1194 мг/дм³, түстілігі – 32,9-33,6 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Сұлтанкелді көлінің су температурасы 16,0-24,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02-8,17 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,99-9,42 мг/дм³, ОБТ₅ –3,42-3,70 мг/дм³, ОХТ – 33,4-34,5 мг/дм³, қалқыма заттар – 5,033,4 мг/дм³, құрғақ қалдық – 1127-1373 мг/дм³, түстілігі – 24,4-34,3 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Қоқай көлінің су температурасы 15,2-23,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,1-8,17 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,09-9,17 мг/дм³, ОБТ₅ –2,19-2,91 мг/дм³, ОХТ – 13,2-31,5 мг/дм³, қалқыма заттар – 5,2-68,4 мг/дм³, құрғақ қалдық – 738-1346 мг/дм³, түстілігі – 26,3-36,3 градус; иісі – 0 балл.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Теңіз көлінің су температурасы 14,8-23,9 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,54-8,64 , судағы еріген оттегі концентрациясы 86,56-10,05 мг/дм³, ОБТ₅ –2,86-3,28 мг/дм³, ОХТ– 38,6-44,8 мг/дм³, қалқыма заттар – 121,3-129,2 мг/дм³, құрғақ қалдық – 15806-17095 мг/дм³, түстілігі 13,2-17,8 градус; иісі – 0 балл.

Балқаш көліндегі судың температурасы 11,0-19,0°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,75-8,56, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,72-10,37 мг/дм³, ОБТ₅–0,36-2,53 мг/дм³, ОХТ – 5,55-85,1 мг/дм³, қалқыма заттар – 10,0-39,0 мг/дм³, минерализация – 1222-3229 мг/дм³, түстілігі –7-58 градус;иісі – 0 балл.

Қарағанды облысының аумағындағы 2020 жылғы мамыр айында су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша былайша бағаланады: нормаланбайды (>3 класс): Самарқан су қоймасы; 4 класс – Нұра, Көкпекті өзендері, Кенгір су қоймасы; нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кенгір өзендері (4 кесте).

2019 жылдың мамыр айымен салыстырғанда Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра, Көкпекті, Сарысу өзендерінде айтарлықтай өзгермеді, Нұра өзенінде, Кеңгір және Самарқан су қоймаларында су сапасы нашарлады.

8.7 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2020 жылдың мамыр айында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 1-2 жылдық 4 түрлі 30 дара ағзалар алынды (6 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.
- Балық етіндегі сынаптың мөлшерімүлдем болмауынан 0,18 мг/кг дейін болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,089 мг/кг - 0,12 мг/кг дейін, жыртқыш балық сынамасында 0,076 мг/кг - 0,18 мг/кг.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш балық сынамасында жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,006 мг/кг құрады.

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,007 мг/кг, жыртқыш балық сынамасында– 0,064 мг/кг. (6 –кесте).

Кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялықсипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)

6-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (мамыр)					
1	Табан балық	21,3	150,0	2+	<0,005
2	Табан балық	19,8	187,0	2+	<0,005
3	Табан балық	19,9	192,0	2+	<0,005

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
4	Табан балық	15,0	108,0	1+	<0,005
5	Табан балық	14,0	98,0	1+	<0,005
6	Өзеналабұғасы*	10,0	20,0	1+	<0,005
7	Өзеналабұғасы*	12,0	25,0	1+	0,006
8	Өзеналабұғасы*	12,5	26,0	1+	0,006
9	Өзеналабұғасы*	10,3	21,0	1+	<0,005
10	Өзеналабұғасы*	9,8	20,5	1+	<0,005
Самарқан су қоймасы (мамыр)					
11	Өзеналабұғасы*	11,3	22,0	1+	0,064
12	Өзеналабұғасы*	10,0	21,0	1+	0,051
13	Табан балық	21,5	148,0	2+	0,007
14	Табан балық	18,6	124,0	2+	0,005
15	Табан балық	19,0	135,8	2+	0,006
16	Табан балық	18,0	125,0	2+	0,006
17	Табан балық	20,0	141,0	2+	0,005
18	Табан балық	15,0	109,0	1+	<0,005
19	Табан балық	16,0	113,0	1+	<0,005
20	Табан балық	12,0	85,8	1+	<0,005
Ынтымақ су қоймасы (мамыр)					
21	Өзеналабұғасы*	12,0	24,0	1+	0,17
22	Өзеналабұғасы*	11,5	24,0	1+	0,12
23	Өзеналабұғасы*	12,0	25,0	1+	0,18
24	Өзеналабұғасы*	12,0	24,0	1+	0,11
25	Өзеналабұғасы*	11,0	22,0	1+	0,076
26	Бозша мөңке	17,8	158,8	2+	0,12
27	Бозша мөңке	18,0	190,0	2+	0,10
28	Табан балық	23,0	197,8	2+	0,089
29	Табан балық	21,0	152,0	2+	0,092
30	Табан балық	22,8	181,0	2+	0,10

8.8 Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Нұра өзені

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Түрлер саны су сынамаcында 2-ден кездесті. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 80% құрады. Соның ішінде Eucyclops serrulatus басымдылық танытты. Талшықмұртты шаяндар 13%, домалақ құрттар 17% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы орташа саны 2,00 мың дана/м³, ал биомассасы 19,31 мг/м³ құрады. Былтырғы кезеңмен салыстырғанда зоопланктон

саны 3,2 есеге жоғарылағанын байқаймыз. Сапроб индексі 1,67 – 2,13 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,91 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Балдырлардың негізгі топтары кездесті. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 55% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 13- 27 аралығында болып, орташа сан 19 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,49 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,045 мг/дм³ тең болды. Орташа сапроб индексі 1,85, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзеніндегі перифитонның түрлік құрамы әртүрлі және *Amphora ovalis*, *Melosira varians*, *Synedra ulna* сияқты диатомды балдырлардан құралды. Жасыл балдырлардан *Closterium*, *Pediastrum*, *Scenedesmus*, *Spirogyra* туыстарының өкілдері кездесті. Сонымен қатар көк-жасыл, эвгленалы балдырлармен кірпікшелі инфузориялар кездесті. Кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,89, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос орташа дамыды. Су сынамасында аз қылтанды құрттар (*Oligochaeta*), ұлулар (*Mollusca*), жәндік дернәсілдері (*Insecta*), сұламалар (*Turbellaria*) және шаянтәрізділер (*Crustacea*) кездесті. Теміртау қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен" тұстамасында түрлердің саны көп кездесті. Су сынамасында түр саны 3-4 тен аспады. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы - 3, зообентос жағдайына байланысты орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ге тең. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 3 түрімен ұсынылды. Домалақ құрттар 67% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Ескекаяқтылар үлесіне 33% тиді. Жалпы саны 0,75 мың дана/м³, ал биомассасы 2,58 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 2,18. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Альгофлора негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 76% құрады. Жалпы саны 1,02 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,038 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 12, сапроб индексі - 2,01. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл, эвгленалы балдырлардан және кірпікшелі инфузориялардан құралды. Диатомды балдырлардан: *Fragilaria*, *Navicula*, *Surirella* және *Synedra*; жасыл балдырлардан: *Cladophora*, *Closterium*; эвгленалылардан - *Euglena*, *Phacus*, *Trachelomonas*; кірпікшелі инфузориялардан - *Stylonychis pustulata* басымдылық танытты.

